



Аккредиттеу және рейтингтің
тәуелсіз агенттігі

«БЕКІТЕМІН»

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз
агенттігі» коммерциялық емес
мекемесінің директоры

А. Жұмағұлова

20 ____ жылғы « ____ » _____

**Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық және
мамандандырылған аккредиттеу жобасы басшысының лауазымдық
нұсқаулығы**

1. Осы лауазымдық нұсқаулық «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес ұйымы медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасы басшысының (бұдан әрі – жоба басшысы) лауазымдық міндеттерін, құқығы мен жауапкершілігін айқындайды.

2. Жоба басшысы қолданыстағы еңбек заңнамасымен белгіленген тәртіппен Агенттік директорының бұйрығымен лауазымға тағайындалады және атқаратын лауазымынан босатылды.

3. Жоба басшысы тікелей Агенттік директорына бағынады.

4. Жоба басшысы лауазымына жоғары білімі және білім беру саласында кемінде 3 жыл еңбек өтілі бар, мемлекеттік тілде іс жүргізу негіздерін білетін адам тағайындалады.

5. Өз қызметінде Жоба басшысы мыналарды басшылыққа алады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құқықтық актілері;

2) Агенттік директорының өкімдік құжаттары;

3) ішкі еңбек күн тәртібінің ережелері;

4) осы лауазымдық нұсқаулық.

6. Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасының басшысы:

1) білім беру саласын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін;

2) медициналық білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен мамандықтар сыныптамасын;

3) медициналық білім беру ұйымдарын аккредиттеуді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықты;

4) ҚР БҒМ Республикалық аккредиттеу кеңесі туралы ережені;

5) Агенттіктің сыртқы сараптау комиссиясы туралы ережені;

6) медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарын;

7) медициналық білім беру ұйымдарын мамандандырылған аккредиттеу

стандарттарын;

8) аккредиттеу жөніндегі сыртқы сарапшының әдеп нормаларының кодексін;

9) медициналық білім беру ұйымдарын аккредиттеу процесінде сыртқы сараптаманы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі басшылықты;

10) медициналық білім беру ұйымын өзіндік бағалауды жүргізу жөніндегі басшылықты;

11) білім беру бағдарламаларының және медициналық білім беру ұйымдарының деңгейін анықтаудың әдістемелік негіздерін;

12) Агенттіктің жарғысын, басшылықтың қызметті реттейтін бұйрықтары мен өкімдерін және осы лауазымдық нұсқаулықты білуі тиіс.

6. Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасы басшысының Word, Excel, Power Point компьютерлік бағдарламалармен және Интернетпен жұмыс істеу дағдылары болуы тиіс.

7. Өндірістік қажеттілікке байланысты жоба басшысы қызметтік іссапарларға шыға алады.

2. Лауазымдық міндеттері

10. Жоба басшысы:

1) медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу бойынша іс-шараларды жобалауға және жүзеге асыруға;

2) оған жүктелген міндеттердің сапалы және уақтылы орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

3) бақылау құжаттарының, Агенттік басшылығы тапсырмаларының уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге;

4) жобаның жұмыс жоспарын әзірлеуге және есептер жасауға;

5) сыртқы сараптау комиссияларының семинар өткізу кестесін жасауға, медициналық білім беру мекемелеріне баруын бақылауға, есептерді рецензиялауға;

6) медициналық білім беру ұйымдарын және білім беру бағдарламаларын аккредиттеудің нормативтік құқықтық базасын әзірлеуге қатысуға;

7) мамандықтар (даярлық бағыттары) бойынша институционалдық және мамандандырылған аккредиттеудің медициналық стандарттарын әзірлеуге қатысуға;

8) ұлттық білім беру сапасын қамтамасыз ету және білім беру бағдарламаларының және медициналық білім беру ұйымдарының деңгейін анықтау саласындағы әдістемелік және анықтамалық материалдарды әзірлеуге қатысуға;

9) медициналық білім беру ұйымдарында сапаны өзіндік бағалау және ішкі бағалау бойынша оқыту семинарларын ұйымдастыруға және өткізуге;

10) медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде сыртқы бағалау рәсімдерін өткізу

жөніндегі сарапшыларға арналған оқыту семинарларын ұйымдастыруға және өткізуге;

11) Сарапшыларды сертификаттау туралы куәліктерді ресімдеу және беру бойынша жұмысты ұйымдастыруға;

12) күн сайын деректер базасын толтыру үшін сыртқы сарапшыларды ақпаратпен қамтамасыз етуге (ұлттық, оның ішінде жұмыс берушілер, түлектер қауымдастығы, жастар ұйымдары бойынша);

13) сыртқы сараптау комиссиялардың құрамын қалыптастыруды бақылауға;

14) сыртқы сараптау комиссиясының мүшелері үшін құжаттардың толық пакетін дайындауға;

15) медициналық білім беру ұйымдарында Агенттіктің сыртқы сараптау комиссиясының жұмысын ұйымдастыруға және үйлестіруге;

16) Аккредиттеу кеңесінің жұмысын ұйымдастыруға және жүргізуге қатысуға;

17) медициналық білім беру ұйымдарының аккредиттеу портфелін қалыптастыруға;

18) сауалнама жүргізу, деректердің шынайылығын тексеру және т.б. әдістемесі бойынша сараптау тобының мүшелері үшін кеңес беруді ұйымдастыруды үйлестіруге;

19) Агенттік сарапшыларының Қазақстан өңірлері бойынша жергілікті жерлеге шыға отырып, сауалнамаға сәйкес ұсынылған деректердің шынайылығын тексеру бойынша жұмысты ұйымдастыруын бақылауға;

20) қажет болса медициналық білім беру ұйымдарын аккредиттеу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің жай-күйін және даму тенденциясын талдауды жүзеге асыруға;

21) Агенттіктің веб-сайтына жариялау үшін ҚР білім беру бағдарламаларын және білім беру ұйымдарын аккредиттеуге байланысты іс-шаралар бойынша ССК, аккредиттеу кеңесі жұмысы бойынша материалдарды дайындауға;

22) қалалық және облыстық білім беру департаменттерімен байланысты жүзеге асыруға;

23) басшылықтың тапсырмасы бойынша Агенттіктің басқа да құрылымдық бөлімшелерімен және ҚР БҒМ өзара іс-қимыл жасуға;

24) халықаралық білім беру алаңында агенттіктің имиджін арттыруға ықпал етуге;

25) Агенттік басшылығының өзге де тапсырмаларын орындауға міндетті.

3. Құқығы

11. Жоба басшысы:

1) Агенттік басшылығынан қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті ақпаратты (өкім, бұйрық), әдістемелік, нормативтік және басқа да басшылық құжаттарды алуға;

- 2) Агенттіктің отырыстарына қатысуға;
- 3) Агенттіктің қызметіне қатысты директор шешімінің жобаларымен танысуға;
- 4) директордың тапсырмасы бойынша білім беру ұйымдарынан, жұмыс берушілерден, қоғамдық бірлестіктерден және т.б. ақпарат сұратуға;
- 5) Агенттік басшылығының қарауына оның құзыретіне жататын проблемалар бойынша аналитикалық анықтамалар және қызметтік жазбалар ұсынуға;
- 6) білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша семинарларға, конференцияларға, оның ішінде халықаралық семинарлар мен конференцияларға қатысуға;
- 7) Агенттік басшылығының келісуі бойынша сарапшы ретінде шетелдік аккредиттеу және рейтингтік агенттіктер сараптамалық комиссияларының жұмысына қатысуға;
- 8) білім беру сапасын кепілдендіру мәселелері жөніндегі жұмыс топтарына қатысуға;
- 9) біліктілігін арттыруға құқылы.

4. Жауапкершілігі

12. Жоба басшысы:

- 1) осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өз лауазымдық міндеттерін орындамағаны (тіісінше орындамағаны) үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасы шегінде;
- 2) құжаттарды басшылықтың қарауына уақтылы ұсынбағаны, олардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін;
- 3) материалдық зиян келтіргені үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасы шегінде;
- 4) оған бекітілген материалдық-техникалық ресурстардың оңтайлы емес және ұқыпсыз қолданылғаны;
- 5) қызметтік әдеп пен еңбек тәртібін сақтамағаны;
- 6) құпия қызметтік ақпаратты таратқаны үшін жауап береді.

Нұсқаулықпен таныстым: _____